



VOL 2 (26) 2025

**JOURNAL OF
SCIENCE AND RESEARCH**



ASTANA

WWW.JSRJOURNAL.KZ

«Journal of Science and Research (JSR)»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің Ақпарат комитетінде
тіркелген № KZ41VPY00076697, 01.09.2023 ж.

Халықаралық ISSN орталығы (ISSN-L): [3006-4325](https://www.issn-l.org/details.do?issn=3006-4325)

Айына екі рет жарық көреді.



№ 2 (26) 2025

Астана, 2025

МАЗМҰНЫ

Әлеуметтік желідегі депрессиялық және суицидтік мәтінді тануға арналған терең оқыту фреймворкін жобалау.....	4
<i>Абдразах Ы.Қ., Казбекова Г.Н., Аманов А.Н.</i>	
Терең оқытуға негізделген ақылды қала жүйесі: Деректерді басқару, контекстке негізделген шешім қабылдау және сенімді басқару.....	16
<i>Жумадиллаева А.К., Садыбеков Р.Ш., Сапарбекова Г.А.</i>	
Білім алушылардың оқу жетістіктерін объективті бағалаудың ғылыми-әдіснамалық негіздері: жасанды интеллект мүмкіндіктері.....	23
<i>Сұлтанәлі А.Е.</i>	
Достижения казахстанских ученых в области квантовой физики.....	30
<i>Қоштыбаев Т. Б., Абдуллаева С. Т., Қожағұлова М.</i>	
Орта мектепте информатика мұғалімінің кәсіби қызметін қолдауда интеллектуалды чат-боттарды пайдалану.....	37
<i>Шынарбек А.</i>	

FTAMP 28.23.37

Әлеуметтік желідегі депрессиялық және суицидтік мәтінді тануға арналған терең оқыту фреймворкін жобалау

Ы.Қ. Абдразах*, Г.Н. Казбекова, А.Н. Аманов

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан.

*E-mail: yntymak.abdrazakh@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақала әлеуметтік желілердегі депрессиялық және суицидтік бейім мәтіндерді анықтауға арналған терең оқытуға негізделген фреймворкты жобалау мәселесін қарастырады. Зерттеу мақсаты – төмен-ресурсты қазақ тілді ортаға бейімделетін әдістемелік контур ұсыну және 2018–2025 жылдардағы жетекші зерттеулерді PRISMA 2020 қағидалары бойынша жүйелеу. Шолу нәтижелері суицидтік тәуекелді деңгейлеп бағалау, дәлел фрагментін бөліп көрсету және түсіндірмелілікке сұраныс күшейгенін көрсетті. Ұсынылған фреймворк дерекке қолжеткізу, құпиялылық пен анонимдеу, көптілді нормализация, трансформерлік модельді доменге бейімдеу, белгісіздікке сезімтал шешім ережелері және human-in-the-loop бақылауын бір циклге біріктіреді. Мақала төмен-ресурсты қазақ тілді орта үшін енгізу тәуекелдері, бағалау метрикалары және құқықтық сәйкестік бойынша практикалық ұсынымдар береді.

Түйін сөздер: суицидтік тәуекел, депрессия, әлеуметтік желі, табиғи тілді өңдеу (NLP), трансформер, төмен-ресурсты тіл, жауапты жасанды интеллект.

Кіріспе

Суицид қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы ең өзекті мәселелердің бірі: халықаралық бағалаулар суицидтің жыл сайын жүздеген мың өлімге әкелетінін және жастар арасындағы қауіп факторлары қатарында екенін көрсетеді [1]. Әлеуметтік желілерде адамдар жеке күйзелісін, үмітсіздігін немесе көмек сұрау сигналдарын жиі мәтін арқылы білдіреді. Демек, әлеуметтік медиа мәтінін талдау тәуекелді ертерек байқауға мүмкіндік беретін «скринингтік сигнал» бере алады. Алайда мұндай сигнал клиникалық диагноз емес, ол тек алдын ала бағалау мен қолдауға бағыттауға көмектесетін индикатор ретінде қарастырылуы тиіс [4,11].

Клиникалық NLP бағытындағы зерттеулер суицидтік тәуекелді «бар/жоқ» деңгейінде ғана емес, деңгейлеп бағалаудың маңызын көрсетеді. Мәселен, CLPsych 2019 ортақ тапсырмасы Reddit мәтіндері бойынша тәуекелді бірнеше деңгейге бөліп, әдістерді бір протоколмен салыстыруға мүмкіндік берді [6]. Соңғы жылдары дәлелге негізделген түсіндірмелілікке назар күшейді: CLPsych 2024 ортақ тапсырмасында тәуекел деңгейін ғана емес, сол деңгейге «дәлел» болатын фрагменттерді табу және қысқаша негіздеме беру зерттеу нысанына айналды [8]. Бұл үрдістер практикалық енгізу үшін маңызды, себебі маман/модератор нақты дәлелсіз автоматты жүйеге сүйенуге қиналады.

Қазақ тілді ортада қосымша қиындықтар бар: дайын таңбаланған корпус тапшылығы, қазақ–орыс аралас мәтіндер, орфографиялық құбылмалылық және домендік дискурстың тез өзгеруі. Сондықтан төмен-ресурсты тілдер

үшін көптілді трансформерлерге сүйенген трансфер (мысалы, XLM-R) және шағын дерекпен доменге бейімдеу стратегиялары өзекті [10]. Сонымен қатар дербес деректерді қорғау бойынша ұлттық талаптар дерек жинау/өңдеуді құқықтық сәйкестікпен бірге қарастыруды міндеттейді [16,17].

Осы мақала екі мақсатты көздейді: (1) PRISMA 2020 қағидасы бойынша 2018–2025 жылдар аралығындағы негізгі зерттеулерді құрылымдап, суицидтік/депрессиялық мәтінді анықтаудың басым әдістерін және практикалық тәуекелдерін жүйелеу; (2) шектеулі жағдайда іске қосуға болатын, көптілді трансформерлерге сүйенетін және жауапты енгізу қағидаларын ескеретін фреймворк жобасын ұсыну.

Әдістеме

Әдебиеттерге жүйелі шолу PRISMA 2020 ұсынымдарына сүйене отырып жүргізілді [2,3]. Іздеу 2018–2025 жылдарды қамтыды және үш негізгі көз шеңберінде орындалды: ACL Anthology (клиникалық NLP және computational linguistics еңбектері), PubMed/PMC (медицина/денсаулық сақтау информатикасы), arXiv (cs.CL және related бағыттар). Сұранымдар «suicide risk», «suicidal ideation», «depression», «social media», «Reddit/Twitter», «transformer/BERT/LLM» тіркестерінің комбинациясынан құрылды. Іріктеу критерийлері: (а) әлеуметтік желідегі мәтінге негізделуі; (ә) суицидтік тәуекел/суицидтік ой/депрессиялық мазмұнды анықтау міндетін қоюы; (б) модель және бағалау метрикаларының нақты берілуі; (в) толық мәтіннің қолжетімді болуы [11].

Іздеу стратегиясы алдын ала анықталған кілт сөздер комбинациясына негізделді. Негізгі сұраулар суицидтік тәуекелді, депрессиялық күйді және әлеуметтік желідегі мәтіндік сигналдарды сипаттайтын терминдерді қамтыды: “suicide ideation”, “suicide risk”, “self-harm”, “depression”, “social media”, “Twitter”, “Reddit”, “text classification”, “transformer”, “BERT”, “LLM”. Іздеу сұраулары деректер базаларының мүмкіндігіне қарай логикалық операторлар арқылы (AND/OR) құрылды, әрі тақырып/аңдатпа/кілт сөздер өрістерінде орындалды. Қамту кезеңі 2018–2025 жылдармен шектелді, себебі дәл осы аралықта трансформер архитектуралары клиникалық NLP-де кең таралып, суицидтік тәуекелді модельдеудің әдістемелік бағытын айқындады.


Скрининг екі кезеңде жүргізілді: алдымен тақырып/аңдатпа деңгейінде, кейін толық мәтін бойынша. Толық мәтін кезеңінде ең жиі шығару себептері ретінде әлеуметтік желі дерегін қолданбауы, терең оқыту әдісін пайдаланбауы, бағалау протоколының жоқтығы немесе материалдың тек қысқа тезис/аннотация күйінде болуы белгіленді. Шолудың мөлдірлігін көрсету үшін PRISMA іріктеу ағыны диаграммасы 1-суретте берілген.

Мәліметтерді шығарып алу (data extraction) үшін стандартталған форма қолданылды: зерттеу платформасы (Twitter/Reddit және т.б.), деректер бірлігі (пост/твит/пайдаланушы тарихы), белгілеу схемасы (binary/ordinal), қолданылған модель (BERT-текст, уақытқа тәуелді трансформерлер, LLM), бағалау метрикалары (F1, ROC-AUC, дәлдік/қайтарым), сондай-ақ этикалық шаралар (анонимдеу, модерация саясаты, қолжетімділік шектеуі) тіркелді.

Әдістемелік сапаны сипаттау үшін мақаладағы дерек көзі мен белгілеу сенімділігі, қайталанғыштық (reproducibility) және адам-сарапшы қатысуы (human-in-the-loop) бойынша ақпараттың бар-жоғы жеке белгіленді. Бұл шолу «пилоттық» сипатта болғандықтан, сандық мета-талдау емес, нәтижелерді тақырыптық синтездеу тәсілі (thematic synthesis) қолданылды.

PRISMA диаграммасындағы көрсеткіштер (пилоттық шолу шеңберінде): ACL Anthology (n=64), PubMed (n=52), arXiv (n=41), барлығы (n=157). Дубликаттар жойылғаннан кейін скринингке өткен жазбалар (n=120). Тақырып/аңдатпа бойынша шығарылғандары (n=84). Толық мәтіні сұратылғандары (n=36), қолжетімсіздері (n=4), толық мәтіні бағаланғандары (n=32). Толық мәтін бойынша шығарылғандары (n=17), соңғы синтезге енгізілгендері (n=15).

Фреймворкты жобалау кезінде бастапқы дерек инфрақұрылымы кезеңдеп қалыптасатын ортаға лайық инженерлік шешімдер таңдалды: көптілді трансформерлерді (mBERT/XLM-R) негіз ретінде қолдану, әлсіз таңбалау және шағын қолмен тексерілген іріктемемен калибрлеу, белгісіздігі жоғары жағдайларды міндетті түрде human-in-the-loop тексеруге шығару. Бұл тәсіл әлеуметтік медиадағы тәуекелді бағалаудың этикалық және практикалық шектеулерімен үйлеседі [5,11].



Сурет 1. PRISMA 2020 бойынша әдебиеттерді іріктеу ағыны

Нәтижелер

Жүйелі шолу нәтижелері әлеуметтік желідегі суицидтік/депрессиялық мазмұнды анықтауда үш негізгі ғылыми-әдіснамалық тренд бар екенін көрсетті. Біріншіден, мәтіндік репрезентацияда контексті терең ұстайтын трансформерлер үстем бола бастады. BERT архитектурасы алдын ала үйрету арқылы тілдік мағынаны тиімді кодтап, кейін домендік дерекпен

бейімделгенде сапаны арттырады [9]. Төмен-ресурсты тілдер үшін XLM-R сияқты көптілді модельдер трансфер мүмкіндігін береді, бірақ аралас тіл, сленг және қысқа мәтін спецификасы міндетті түрде нормализация мен доменге бейімдеуді қажет етеді [10].


Екіншіден, тапсырма форматы «binary» деңгейден «ordinal/көп деңгейлі тәуекел» форматына ығысты. CLPsych 2019 ортақ тапсырмасы тәуекелді деңгейлеп бағалау протоколын ұсынып, зерттеулерге салыстырмалылық берді [6]. Бұл бағытты эмпирикалық тұрғыда дамытқан жұмыстардың бірі – Sawhney және әріптестерінің уақыттық контексті ескеретін трансформерлік моделі (STATENet), онда пайдаланушы жазбаларының тарихи динамикасын қосу арқылы суицидтік ойды анықтау сапасы жақсаратыны көрсетілген [7]. Мұндай тәсілдер нақты енгізуде маңызды, себебі тәуекел «бір сәттік сөйлем» емес, көбіне уақыт бойынша жинақталатын белгі.

Үшіншіден, түсіндірмелілік және «дәлел фрагменті» (evidence) бағыты күшейді. CLPsych 2024 ортақ тапсырмасы тәуекел деңгейіне дәлел болатын үзінділерді табу және оларды қысқаша жинақтау мәселесін алдыңғы қатарға шығарды [8]. Бұл тәжірибеде өте қажет: модератор немесе маман тәуекел ықтималдығын ғана емес, нақты мәтіндік индикаторды көргенде шешім қабылдауы жылдам әрі негізді болады. Дегенмен, этикалық тәуекелдер сақталады: психикалық күйді мәтіннен шығару құпиялылық, стигматизация және қате интервенция қаупін көтереді, сондықтан «диагноз» деп интерпретацияламау және human-in-the-loop контурын сақтау маңызды [5].

Жинақталған зерттеулердің басым бөлігі Twitter және Reddit сияқты ашық платформаларға сүйенеді, ал белгілеу (annotation) көбіне бинарлық (“risk / no-risk”) немесе деңгейленген шкала (“low / medium / high”) форматында беріледі. Модельдік тұрғыдан алғанда, классикалық ML әдістерінен трансформерлерге ауысу F1 және ROC-AUC көрсеткіштерінің жақсаруы ғана емес, контекст пен дискурс деңгейіндегі сигналдарды ұстауға мүмкіндік бергені байқалады. Сонымен бірге, соңғы жұмыстарда тек “қауіпті” деген шешімнен гөрі, дәлел фрагментін көрсету (evidence extraction) және белгісіздік жағдайында автоматты шешімді тоқтатып, адам сарапшысына жіберу (triage) тәсілі практикалық енгізуге жақын қадам ретінде сипатталады.

Соңғы жұмыстарда суицидтік тәуекелді бағалау тек қысқа мәтінмен шектелмей, пайдаланушының жазбалар динамикасын және қауымдастық контекстін ескеруге ұмтылады. Мысалы, Reddit деректеріне негізделген зерттеулер жоғары тәуекел траекториясын сипаттайтын тілдік маркерлерді уақыт бойынша талдаудың практикалық маңызын көрсетеді [14]. Сонымен қатар әлеуметтік желідегі суицидтік ойды анықтауға арналған шолуларда модельдің қауіпсіздігі, қате дабыл (false alarm) және интервенция тәуекелдері арнайы талқыланады [12]. Өртүрлі DL/ML модельдерін салыстырған жұмыстар алдын ала өңдеу мен дерек сапасының нәтижеге ықпалын айқындайды [13]. Қазақ тілді орта үшін дерек пен аннотациялау тәжірибесін қалыптастыруда KazNERD сияқты корпус құру жұмыстары әдістемелік база ретінде маңызды [15].

Осы трендтерді инженерлік контурға түсіру үшін ұсынылатын фреймворктың кезеңдері 2-суретте көрсетілген: (1) дерекке қол жеткізу және іріктеу, (2) құпиялылық және қауіпсіздік, (3) көптілді алдын ала өңдеу, (4) трансформерлік модельдеу, (5) дәлел және түсіндірме қабаты, (6) белгісіздікке сезімтал шешім ережелері, (7) human-in-the-loop тексеруі, (8) мониторинг және дрейфті бақылау.



Сурет 2. Суицидтік/депрессиялық мәтінді анықтауға арналған терең оқыту фреймворкының кезеңдері

Фреймворк модульдерінің функцияларын нақтылау үшін 1-кесте берілді.

Кесте 1. Ұсынылатын фреймворк модульдері және олардың функциялары

Модуль	Негізгі міндеті	Шығу нәтижесі
1) Дерекке қол жеткізу және іріктеу	Платформа шарттарын сақтау, дерек көзін сипаттау, шектеулі және мақсатты жинау	Дерек көзі паспорты, іріктеу ережесі
2) Құпиялылық және қауіпсіздік	Анонимдеу, жеке деректерді азайту, қолжетімділікті шектеу	Анонимделген мәтін, аудит журналы
3) Алдын ала өңдеу	Тазалау, нормализация, эмодзи/хэштег, аралас тіл белгілеуі	Біріздендірілген мәтін
4) Модельдеу ядросы	mBERT/XLM-R негізінде бейімдеу, тәуекелді деңгейлеп бағалау	Тәуекел деңгейі/ықтималдығы
5) Дәлел және түсіндірме қабаты	Evidence үзінділерін бөлу, қысқа негіздеме беру	Дәлел фрагменті + түсіндірме

6) Белгісіздік және шешім ережелері	Белгісіздігі жоғары жағдайды автоматты шешімнен шығару	“Human review” триажы
7) Human-in-the-loop	Даулы/қауіпті жағдайды сарапшыға беру, сапаны бақылау	Қайта тексеру, калибрлеу
8) Мониторинг және дрейф	Модельдің уақыт бойынша өзгерісін бақылау, сапа метрикалары	Мониторинг есебі, жаңарту жоспары

Негізгі әдебиеттерді салыстырмалы түрде көрсету үшін 2-кесте берілді. Онда әр еңбектің авторы, дерек көзі, міндеті және үлесі қысқаша жүйеленеді.

Кесте 2. Суицидтік/депрессиялық мәтінді анықтау бойынша негізгі зерттеулердің салыстырмасы (2018–2025)

№	Еңбек (авторлар)	Дерек көзі	Міндет	Әдіс/үлгі	Негізгі үлес
1	Coppersmith G. et al. (2018) [4]	Әлеуметтік медиа	Скрининг тұжырымдамасы	NLP/ML шолу	Әлеуметтік медианы тәуекел скринингі ретінде қолдану негізі
2	Zirikly A. et al., CLPsych (2019) [6]	Reddit	Ordinal тәуекел	Shared task	Тәуекелді деңгейлеп бағалаудың стандартталған протоколы
3	Sawhney R. et al., EMNLP (2020) [7]	Twitter	SI анықтау	Time-aware transformer (STATENet)	Уақыттық контекст қосу арқылы сапаны жақсарту идеясы
4	Chim J. et al., CLPsych (2024) [8]	Онлайн посттар	Evidence extraction	LLM-негізді shared task	Дәлел үзіндісін табу және қысқа негіздеме бағытын күшейту
5	Devlin J. et al. (2019) [9]	—	Репрезентация	BERT	Контексті репрезентация стандартын

					қалыптастырды
6	Conneau A. et al. (2019) [10]	100+ тіл	Трансфер	XLM-R	Төмен-ресурсты тілдерге тасымалдау базасы
7	Arowosegb e A. et al. (2023) [11]	Әртүрлі	Жүйелі шолу	Systematic review	Метрика, bias, этика және әдіснамалық олқылықтарды жүйелеу
8	Morese R. et al. (2022) [12]	Әлеуметтік медиа	Клиникалық контекст	Review	SI анықтаудың клиникалық және практикалық шектеулері
9	Aldhyani T.H.H. et al. (2022) [13]	Әлеуметтік медиа	SI/тәуекел	ML/DL салыстыру	Модельдер мен алдын ала өңдеудің әсерін көрсету
10	Yan Y. et al. (2024) [14]	r/SuicideWatch	Динамика	Trajectory model	Тілдік динамиканы уақыт бойынша талдау
11	Yeshpanov R. et al. (2022) [15]	Қазақ тілі	Ресурс	KazNERD	Қазақ тілінде корпус құру тәжірибесі (әдістемелік база)
12	Chancellor S. et al. (2019) [5]	Әлеуметтік медиа	Этика	Тахопому	Құпиялылық, стигма, валидтілік тәуекелдерін жүйелеу

Ескерту: SI – suicidal ideation (суицидтік ойлап); ML – machine learning; DL – deep learning; LLM – large language model; r/SuicideWatch – Reddit қауымдастығы (subreddit).

2-кестедегі салыстыру нәтижесі бірнеше тұрақты заңдылықты айқындайды: (1) мәтіндік сигналдардан бөлек уақыттық/пайдаланушылық контекст қосу тәуекелді дәлірек айыруға ықпал етеді; (2) LLM-негізді тәсілдер дәлелді жинақтау және түсіндіру қабатын күшейткенімен, қауіпсіздік, қате қорытынды және аудит мәселесін күрделендіреді; (3) деректер мен белгілеудің ашық сипатталуы барлық жұмыстарда бірдей емес, бұл қайта өндіру мен әділ салыстыруға кедергі келтіреді; (4) төмен-ресурсты тілдер үшін негізгі кедергі – сапалы белгіленген корпус пен домендік лексиканың шектеулілігі, сондықтан көптілді трансформерлер мен доменге бейімдеу стратегиялары практикалық компромисс ретінде көрінеді.

Талқылау

Жүйелі шолу көрсеткендей, қазіргі трендтер фреймворк жобалауында үш талапты бір мезетте орындауды қажет етеді: дәлдік/тұрақтылық, түсіндірмелілік және қауіпсіз енгізу. Біріншіден, көптілді трансформерлер төмен-ресурсты қазақ тілді ортаға кірігу үшін прагматикалық база береді [10], бірақ бұл «дерек мүлдем керек емес» дегенді білдірмейді. Керісінше, шағын пилоттық іріктемені қолмен тексеру, әлсіз таңбалау және тұрақты мониторинг арқылы жүйені кезеңдеп жетілдіру дұрыс [11]. Екіншіден, evidence extraction бағыты (CLPsych 2024) практикалық қолдануда нәтижені дәлелмен бірге берудің маңызын бекіте түсті [8]. Бұл әсіресе модерация немесе психологиялық қолдау жүйелерінде маңызды: шешім тек ықтималдық ретінде емес, мәтіндегі нақты индикатормен бірге ұсынылса, адам-сарапшының әрекеті жылдамдайды. Үшіншіден, этикалық және құқықтық контур міндетті: психикалық күйді мәтіннен шығару құпиялылық пен стигматизация тәуекелін көтеретіндіктен, нәтижені «диагноз» ретінде ұсынуға болмайды, human-in-the-loop және қолжетімділікті шектеу тетіктері қажет [5]. Қазақстан жағдайында дербес деректерді қорғау және ақпараттандыру туралы заңнамалық талаптар дерек жинау/сақтау/беру архитектурасына тікелей әсер етеді [16,17]. Сондықтан ұсынылған фреймворк техникалық блоктардан ғана емес, жауапты енгізуді қамтамасыз ететін құқықтық-этикалық блоктардан да тұрады.

Шектеулердің бірі – әлеуметтік желідегі мәтіндердің контекстке тәуелділігі: ирония, сарказм, мәдени код, сондай-ақ тілдердің араласуы (code-switching) модель қателігін арттыруы мүмкін. Сондықтан ұсынылатын фреймворкта сапаны тек офлайн метрикамен өлшеу жеткіліксіз: уақыт бойынша дрейфті бақылау, жаңа сленг/трендтерге сезімталдық және этикалық қауіп-қатерді бағалау тұрақты процесс болуы тиіс. Практикалық енгізуде модерация және психологиялық қолдау инфрақұрылымымен байланыс маңызды: жүйе “диагноз” қоймайды, тек тәуекел индикаторын береді және ең қауіпті жағдайларда адам сарапшысына бағыттау қағидасы сақталады.

Қорытынды

Бұл мақала әлеуметтік желідегі депрессиялық және суицидтік мазмұнды мәтіндермен жұмыс істеуге арналған терең оқытуға негізделген фреймворкты әзірлеу үшін 2018–2025 жылдар аралығындағы зерттеулерді жүйелі түрде жинақтап, инженерлік тұрғыда іске асыруға болатын құрылым ұсынды. Шолу нәтижелері трансформер архитектураларының контексті терең ұстай алатынын және тәуекелді бағалауды тек “бар/жоқ” деңгейінде емес, деңгейленген форматта ұйымдастыруға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Сонымен қатар практикалық енгізу үшін түсіндірмелілік, дәлел фрагментін бөлу, белгісіздік жағдайында автоматты шешімді тоқтату және human-in-the-loop қағидасы маңызды екені айқындалды. Дерекпен жұмыс істеуді кезеңдеп ұйымдастыру жағдайында фреймворкты құруға болатын бағыттар нақтыланды: дерекке қол жеткізу ережесін құжаттау, анонимдеу және қауіпсіз сақтау, көптілді трансформерлерге сүйеніп доменге бейімдеу, сапаны мониторингтеу және дрейфті бақылау. Ұсынылған модульдік құрылым зерттеу мен практиканың арасын жақындатуға бағытталған: ол деректерді заңды-этикалық басқаруды, модельдің есеп беруін және тәуекелді басқару логикасын бір контурда қарастырады. Алдағы жұмыста қазақ тіліндегі домендік корпус құру, сарапшылық белгілеу протоколын жетілдіру және қауіпсіз бағалау сценарийлерін кеңейту фреймворктың қолданбалылығын арттырады.

Ұсынылған құрылымның практикалық құндылығы – оны бірден “толық автоматтандыру” ретінде емес, кезең-кезеңімен енгізілетін қолдау құралы ретінде қарастыруында. Алғашқы кезеңде шағын пилоттық сценарий арқылы дерек қауіпсіздігін, анонимдеуді және human-in-the-loop триажын тұрақтандыру, кейін ғана модельді доменге бейімдеу мен мониторингті кеңейту ұсынылады. Сонымен бірге сапаны бағалауда тек жалпы F1 немесе ассурасу көрсеткіштерімен шектелмей, тәуекел деңгейлері бойынша қателіктердің салмағын (high-risk қателігі) жеке бақылау қажет. Бұл тәсіл жүйенің сенімділігін арттырып, тәуекелді жағдайларда жауапты қолдануды қамтамасыз етеді.

Қолданылған деректер тізімі

1 World Health Organization. Suicide : fact sheet [Электронный ресурс]. – 2025. – URL: <https://www.who.int/news-room/fact-sheets/detail/suicide> (дата обращения: 10.12.2025).

2 Page M. J., McKenzie J. E., Bossuyt P. M. [и др.]. The PRISMA 2020 statement: an updated guideline for reporting systematic reviews // BMJ. – 2021. – Vol. 372. – Art. n71. – DOI: 10.1136/bmj.n71.

3 PRISMA Statement. PRISMA 2020 statement and flow diagram resources [Электронный ресурс]. – 2020. – URL: <https://www.prisma-statement.org/prisma-2020-statement> (дата обращения: 10.12.2025).

4 Coppersmith G., Leary R., Crutchley P., Fine A. Natural language processing of social media as screening for suicide risk // Biomedical Informatics

Insights. – 2018. – Vol. 10. – Art. 1178222618792860. – DOI: 10.1177/1178222618792860.

5 Chancellor S., Birnbaum M. L., Caine E. D., Silenzio V. M. B., De Choudhury M. A taxonomy of ethical tensions in inferring mental health states from social media // Proceedings of the 2019 Conference on Fairness, Accountability, and Transparency (FAT* '19). – New York : ACM, 2019. – P. 79–88. – DOI: 10.1145/3287560.3287587.

6 Zirikly A., Resnik P., Uzuner O., Hollingshead K. CLPsych 2019 Shared Task: Predicting the Degree of Suicide Risk in Reddit Posts // Proceedings of the Sixth Workshop on Computational Linguistics and Clinical Psychology. – Minneapolis, Minnesota, USA, 2019. – P. 24–33. – DOI: 10.18653/v1/W19-3003.

7 Sawhney R., Joshi H., Gandhi S., Shah R. R. A Time-Aware Transformer Based Model for Suicide Ideation Detection on Social Media // Proceedings of the 2020 Conference on Empirical Methods in Natural Language Processing (EMNLP). – Online, 2020. – P. 7685–7697. – DOI: 10.18653/v1/2020.emnlp-main.619.

8 Chim J., Tsakalidis A., Gkoumas D., Atzil-Slonim D., Ophir Y., Zirikly A., Resnik P., Liakata M. Overview of the CLPsych 2024 Shared Task: Leveraging Large Language Models to Identify Evidence of Suicidality Risk in Online Posts // Proceedings of the 9th Workshop on Computational Linguistics and Clinical Psychology (CLPsych 2024). – St. Julians, Malta, 2024. – P. 177–190. – URL: <https://aclanthology.org/2024.clpsych-1.15/> (дата обращения: 11.12.2025).

9 Devlin J., Chang M.-W., Lee K., Toutanova K. BERT: Pre-training of Deep Bidirectional Transformers for Language Understanding // Proceedings of NAACL-HLT 2019 (Volume 1: Long and Short Papers). – 2019. – P. 4171–4186. – URL: <https://aclanthology.org/N19-1423/> (дата обращения: 11.12.2025).

10 Conneau A. [et al.]. Unsupervised Cross-lingual Representation Learning at Scale : arXiv:1911.02116 [cs.CL]. – 2019. – URL: <https://arxiv.org/abs/1911.02116> (дата обращения: 11.12.2025).

11 Arowosegbe A., Oyelade T. Application of Natural Language Processing to Suicide Prevention: A Systematic Review // International Journal of Environmental Research and Public Health. – 2023. – Vol. 20, № 2. – Art. 1514. – DOI: 10.3390/ijerph20021514.

12 Morese R., Gruebner O., Sykora M., Elayan S., Fadda M., Albanese E. Detecting suicide ideation in the era of social media: the population neuroscience perspective // Frontiers in Psychiatry. – 2022. – Vol. 13. – Art. 652167. – DOI: 10.3389/fpsy.2022.652167.

13 Aldhyani T. H. H., Alsubari S. N., Alshebami A. S., Alkahtani H., Ahmed Z. A. T. Detecting and Analyzing Suicidal Ideation on Social Media Using Deep Learning and Machine Learning Models // International Journal of Environmental Research and Public Health. – 2022. – Vol. 19, № 19. – Art. 12635. – DOI: 10.3390/ijerph191912635.

14 Yan Y., Li J., Liu X., Li Q., Yu N. X. Identifying Reddit Users at a High Risk of Suicide and Their Linguistic Features During the COVID-19 Pandemic:

Growth-Based Trajectory Model // Journal of Medical Internet Research. – 2024. – Vol. 26. – Art. e48907. – DOI: 10.2196/48907.

15 Yeshpanov R., Khassanov Y., Varol H. A. KazNERD: Kazakh Named Entity Recognition Dataset // Proceedings of the Thirteenth Language Resources and Evaluation Conference (LREC 2022). – Marseille, France : European Language Resources Association, 2022. – P. 417–426. – URL: <https://aclanthology.org/2022.lrec-1.44/>.

16 Республика Казахстан. Закон «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» от 21 мая 2013 г. № 94-V [Электронный ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000094> (дата обращения: 12.12.2025).

17 Республика Казахстан. Закон «Ақпараттандыру туралы» от 24 ноября 2015 г. № 418-V [Электронный ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418> (дата обращения: 12.12.2025).

Проектирование фреймворка глубокого обучения для распознавания депрессивных и суицидальных текстов в социальных сетях

Ы.Қ. Абдразах*, Г.Н. Казбекова, А.Н. Аманов

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави,
Туркестан, Казахстан.

*E-mail: yntymak.abdrakh@gmail.com

Аннотация. Статья посвящена проектированию фреймворка на основе глубокого обучения для выявления депрессивных и суицидальных текстов в социальных сетях в низкоресурсной казахскоязычной среде. Цель работы – предложить практико-ориентированный методологический контур и систематизировать ключевые исследования 2018–2025 гг. с опорой на принципы PRISMA 2020. Показано, что современные подходы смещаются от бинарной классификации к уровневой оценке риска, выделению фрагментов-доказательств и повышению объяснимости выводов. Предложенный фреймворк объединяет получение данных, приватность и обезличивание, мультязычную нормализацию, доменную адаптацию трансформеров, правила принятия решений с учетом неопределенности и human-in-the-loop валидацию. Отдельно обсуждаются риски смещения, безопасного внедрения и юридической согласованности.

Ключевые слова: суицидальный риск, депрессия, социальные сети, обработка естественного языка (NLP), трансформеры, низкоресурсный язык, ответственный искусственный интеллект.

Design of a Deep Learning Framework for Recognizing Depressive and Suicidal Texts on Social Media

Y. Abdrazakh*, G. Kazbekova, A. Amanov

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan,
Kazakhstan.

*E-mail: yntymak.abdrakh@gmail.com

Abstract. This paper presents a deep learning-based framework for detecting depressive and suicidal-leaning texts in social media. The goal is to propose a practical methodological blueprint for low-resource Kazakh-language settings and to synthesize key studies from 2018–2025 using PRISMA 2020 principles. The review highlights growing emphasis on ordinal suicide-

risk modeling, evidence snippet extraction, and interpretability. The proposed framework integrates data acquisition, privacy and de-identification, multilingual normalization, transformer domain adaptation, uncertainty-aware decision rules, and human-in-the-loop verification. We discuss deployment risks in a low-resource Kazakh-language context and provide actionable guidance on evaluation metrics and legal compliance.

Keywords: *suicide risk, depression, social media, natural language processing (NLP), transformers, low-resource language, responsible artificial intelligence.*

FTAMP 28.23.15

Терең оқытуға негізделген ақылды қала жүйесі: деректерді басқару, контекстке негізделген шешім қабылдау және сенімді басқару**А.К.Жумадиллаева¹, Р.Ш.Садыбеков^{2*}, Г.А.Сапарбекова³**¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан.³Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан, Қазақстан.

*E-mail: ruslan.sadybekov@ayu.edu.kz

Аңдатпа. Бұл мақалада ақылды қала жүйелерінде деректерді басқару, контекстке негізделген шешімдер қабылдау және сенім менеджментін қамтамасыз ету үшін терең оқыту технологияларын қолдану мәселесі қарастырылады. Зерттеу мақсаты – ақылды қалаларда үлкен деректерді өңдеу, талдау және олар негізінде нақты уақыт режимінде шешім қабылдау процестерін оңтайландыруды анықтау және талдау болып табылады. Жұмыста терең нейрондық желілер, рекурренттік архитектуралар және федеративті оқыту әдістері қолданылды, бұл алынған нәтижелердің сенімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Зерттеу барысында деректерді басқару процестерінің тиімділігін арттыру, контекстке сәйкес болжамдық модельдер құру және қала инфраструктурасындағы сенім деңгейін жоғарылату механизмдері анықталды. Алынған мәліметтер ақылды қала экожүйелерінде автоматтандырылған басқару жүйелерінің практикалық маңыздылығын көрсетеді және қалалық инфраструктураны дамытуда, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ықпал етуі мүмкін. Мақалада гибриді терең оқыту архитектуралары, блокчейн технологиясымен интеграция және динамикалық сенім метрикалары негізделген. Зерттеу қорытындылары қалалық цифрлық инфраструктураны дамыту саласы үшін маңыздылығын көрсетеді.

Түйінді сөздер: терең оқыту, ақылды қала, деректерді басқару, контекстке негізделген шешімдер, сенім менеджменті, федеративті оқыту

Кіріспе

Қазіргі заманғы урбанизация процестері әлемдік қалалардың тез дамуына және олардың инфраструктурасына үлкен жүктеме түсіруде. Біріккен Ұлттар Ұйымының болжамы бойынша, 2050 жылға қарай әлем халқының 68 пайызы қалалық аймақтарда тұратын болады. Бұл өсім қалалық инфраструктураны басқару, қоғамдық қызметтерді ұсыну және тұрғындардың өмір сапасын жақсарту бойынша жаңа міндеттер қояды [6]. Осы мәселелерді шешу үшін ақылды қала тұжырымдамасы барған сайын кең таралуда.

Ақылды қалалар - бұл Интернет заттары, үлкен деректер, бұлттық есептеу және жасанды интеллект технологияларын біріктіретін күрделі экожүйелер [10]. Олар қалалық инфраструктураны нақты уақыт режимінде бақылауға, талдауға және оңтайландыруға мүмкіндік береді. Алайда, осындай жүйелердің тиімділігі үш негізгі факторға байланысты: деректерді сапалы басқару, контекстке сәйкес шешімдер қабылдау қабілеті және жүйеге сенім деңгейі.

Терең оқыту технологиялары осы міндеттерді шешуде зор әлеуетке ие[5]. Конволюциялық нейрондық желілер, рекурренттік нейрондық желілер, трансформерлер күрделі деректерді өңдеуге, үлгілерді анықтауға және болжамдар жасауға қабілетті. Федеративті оқыту әдістері деректердің құпиялылығын сақтай отырып, үлестірілген оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бұл ақылды қалалар контекстінде өте маңызды [11].

Зерттеудің мақсаты - терең оқыту негізінде ақылды қала жүйелерінде деректерді тиімді басқару, контекстке негізделген шешімдер қабылдау және сенім менеджментін қамтамасыз ететін интеграцияланған архитектураны әзірлеу және талдау. Зерттеу міндеттері: қолданыстағы ақылды қала жүйелерінің шектеулерін анықтау, терең оқыту модельдерінің қалалық деректерге қолданылуын зерттеу, гибридті архитектураны ұсыну және оның тиімділігін бағалау. Зерттеу объектісі - ақылды қала экожүйелеріндегі деректерді басқару және шешім қабылдау процестері. Зерттеу пәні - терең оқыту технологияларының осы процестерді оңтайландыруға әсері.

Әдістеме

Зерттеу әдістемесі бірнеше кезеңдерден тұрады: деректерді жинау және алдын-ала өңдеу, модель архитектурасын әзірлеу, оқыту және тестілеу, сонымен қатар нәтижелерді бағалау.

Деректерді жинау және өңдеу. Зерттеу үшін бірнеше қалалардың ашық деректер порталдарынан алынған деректер қолданылды [1]. Деректер қалалық көлік жүйелерінен (трафик датчиктері, қоғамдық көліктің GPS деректері), энергия желілерінен (электр тұтыну паттерндері), экологиялық мониторинг станцияларынан (ауа сапасы индикаторлары) және қоғамдық қауіпсіздік камераларынан алынды. Барлығы 2.4 терабайт структураланған және структураланбаған деректер жиналды. Алдын-ала өңдеу кезеңінде жетіспейтін мәндерді толтыру үшін итеративті импутация әдісі, аномалияларды анықтау үшін изоляциялық орман алгоритмі және деректерді нормализациялау үшін стандартты масштабтау қолданылды [2].

Архитектура дизайны. Ұсынылған жүйе үш негізгі компоненттен тұрады. Біріншіден, деректерді басқару қабаты деректердің сапасын қамтамасыз ету, метадеректерді басқару және деректерге қол жеткізуді бақылау үшін жауапты. Блокчейн технологиясы деректердің өзгермейтіндігін және аудитін қамтамасыз ету үшін қолданылды. Гиперледжер Фабрик платформасы таңдалды, өйткені ол рұқсаттық блокчейн архитектурасын қолдайды. Екіншіден, контекстке негізделген шешім қабылдау қабаты гибридті терең оқыту моделін қолданады [4]. Кеңістіктік деректерді өңдеу үшін ResNet-50 негізіндегі конволюциялық нейрондық желі, уақыттық қатарларды талдау үшін LSTM желісі және мультимодальді деректерді біріктіру үшін трансформер архитектурасы пайдаланылды. Назар механизмі әртүрлі деректер көздерінің маңыздылығын динамикалық түрде бағалауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, сенім менеджменті қабаты жүйе шешімдерінің сенімділігін бағалау үшін арнайы метрикаларды қолданады. Монте-Карло

дропаут әдісі моделдің белгісіздігін бағалау үшін, ал SHAP мәндері шешімдердің түсіндірілуін қамтамасыз ету үшін қолданылды.

Оқыту процесі. Модель оқыту үшін федеративті оқыту тәсілі қолданылды [7]. Бұл әдіс деректердің құпиялылығын сақтау үшін маңызды, өйткені сезімтал қалалық деректер орталық серверге жіберілмейді. Оның орнына, әр деректер көзі жергілікті моделді оқытады және тек модель параметрлері орталық серверге жіберіледі, онда олар федеративті орташалау алгоритмі арқылы біріктіріледі. Оқыту процесі 200 эпохаға созылды, batch өлшемі 64-ке тең болды. Оптимизатор ретінде AdamW қолданылды (оқыту жылдамдығы 0.001, салмақ азаюы 0.01). Жоғалту функциясы ретінде регрессия тапсырмалары үшін Huber loss, классификация үшін focal loss қолданылды.

Бағалау метрикалары. Модельдің өнімділігін бағалау үшін бірнеше метрика қолданылды: болжау тапсырмалары үшін RMSE және MAE, классификация тапсырмалары үшін F1-score және AUC-ROC, сонымен қатар нақты уақыт режиміндегі өңдеу жылдамдығы бағаланды [9].

Нәтижелер

Әзірленген жүйе бірнеше қалалық сценарийлерде тестіленді, және нәтижелер оның жоғары тиімділігін көрсетті.

Көлік трафигін болжау. Көлік трафигін болжау тапсырмасында гибриді CNN-LSTM модель дәстүрлі әдістермен салыстырғанда айтарлықтай жақсы нәтижелер көрсетті. Болжау дәлдігі 30 минуттық уақыт аралығында 94.2% құрады, бұ базалық ARIMA моделінен (82.7%) және градиентті бустинг әдісінен (88.5%) айтарлықтай жоғары. RMSE метрикасы бойынша модель 3.8 көлік/минут қателігін көрсетті. Мультимодальді деректерді біріктіру (жол камераларынан алынған бейнелер, датчиктер деректері, әуе-райы ақпараты) болжау дәлдігін тағы 6.3% жақсартты. Назар механизмі әртүрлі деректер көздерінің салыстырмалы маңыздылығын динамикалық түрде анықтауға мүмкіндік берді.

Энергия тұтынуын оңтайландыру. Қалалық энергия желілерінің тұтыну паттерндерін болжау үшін әзірленген модель жоғары дәлдік көрсетті. Сағат сайынғы энергия тұтыну болжамының дәлдігі 91.7% құрады, MAE метрикасы 42.3 кВт болды. Бұл қалалық энергия компанияларына жүктемені тиімді үлестіруге және шыңғау жүктемелерін азайтуға мүмкіндік береді. Модель энергия тұтынуының аномальды паттерндерін анықтауда да жоғары тиімділік көрсетті. Желідегі ақауларды немесе бұзылуларды 87.3% дәлдікпен анықтау мүмкіндігі қол жеткізілді, бұл жедел қызметтердің жауап беру уақытын орташа 34% қысқартты.

Ауа сапасын бақылау. Ауа сапасы индексін болжау тапсырмасында модель 24 сағатты алдын ала болжауда 89.4% дәлдікке қол жеткізді. Бұл қоғамдық денсаулық қызметтеріне алдын-ала ескертулер беруге және тұрғындарды ықтимал қауіпті жағдайлар туралы хабардар етуге мүмкіндік береді. Модель әртүрлі ластаушы заттардың (PM2.5, PM10, NO2, O3)

концентрациясын жеке-жеке болжай алады және олардың өзара әсерін есепке алады.

Қоғамдық қауіпсіздік. Қоғамдық қауіпсіздік камераларынан алынған бейнелерді нақты уақыт режимінде талдау жүйесі адамдардың қауіпті жағдайларын, көлік оқиғаларын және басқа да аномалияларды 92.6% дәлдікпен анықтайды. Жалған позитивті нәтижелер деңгейі 4.7% құрады. Жүйе орташа 120 миллисекундта бір кадрді өңдейді, бұл нақты уақыт режимінде қолдануға мүмкіндік береді.

Сенім метрикалары. Сенім менеджменті жүйесі әр шешім үшін сенімділік деңгейін бағалайды. Монте-Карло дропаут әдісі арқылы моделдің белгісіздігі есептеледі. Жоғары белгісіздік жағдайларында жүйе адам операторына хабарлама жібереді. Орташа алғанда, шешімдердің 8.3% адам бақылауын қажет етті. SHAP мәндері арқылы әр шешімнің түсіндірілуі қамтамасыз етілді [12]. Сараптамалық бағалау көрсеткендей, түсіндірілу функциясы операторлардың шешімдерге сенімін 42% арттырды.

Жүйелік өнімділік. Федеративті оқыту тәсілі деректердің құпиялылығын сақтай отырып, жоғары модель дәлдігіне қол жеткізуге мүмкіндік берді. Орталықтандырылған оқытумен салыстырғанда, федеративті тәсіл дәлдікте тек 1.8% жоғалтты, бірақ деректердің құпиялылығын толық сақтады. Блокчейн негізіндегі деректерді басқару жүйесі деректердің өзгермейтіндігін және аудитін қамтамасыз етті.

Талқылау

Алынған нәтижелер терең оқыту технологияларының ақылды қала жүйелерінде қолданудың жоғары әлеуетін көрсетеді. Гибридті архитектура әртүрлі типтегі деректерді тиімді өңдеуге және контекстке сәйкес шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Бұрынғы зерттеулермен салыстырғанда, біздің тәсіл бірнеше артықшылықтарға ие. Zhang және басқалар ұсынған тәсіл тек көлік трафигін болжауға бағытталған, ал біздің жүйе көп домендік сценарийлерде қолданыла алады. Kumar және командасы ұсынған архитектура деректердің құпиялылығын толық қамтамасыз етпейді, ал біздің федеративті оқыту тәсілі осы мәселені шешеді.

Алайда, зерттеудің кейбір шектеулері бар. Біріншіден, жүйе жоғары сапалы деректерді қажет етеді, ал көптеген дамушы елдерде қалалық деректердің сапасы жеткіліксіз болуы мүмкін. Екіншіден, терең оқыту модельдері есептеу ресурстарын көп талап етеді, бұл кейбір қалалар үшін қиын болуы мүмкін. Үшіншіден, модельдердің түсіндірілуі әлі де толық емес, бұл кейбір критикалық қолданулар үшін мәселе тудыруы мүмкін [3]. Болашақ зерттеулер осы шектеулерді шешуге бағытталуы керек. Деректердің сапасын арттыру үшін синтетикалық деректерді генерациялау әдістері қолданылуы мүмкін. Есептеу тиімділігін арттыру үшін модельдерді қысу әдістері зерттелуі керек.

Қорытынды

Бұл зерттеу терең оқыту технологияларын ақылды қала жүйелерінде деректерді басқару, контекстке негізделген шешімдер қабылдау және сенім

менеджменті үшін қолданудың тиімділігін көрсетті. Өзірленген гибридті архитектура көп домендік сценарийлерде жоғары дәлдік пен өнімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Федеративті оқыту тәсілі деректердің құпиялылығын сақтай отырып, үлестірілген оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Блокчейн технологиясын біріктіру деректердің өзгермейтіндігін және аудитін қамтамасыз етеді. Сенім менеджменті жүйесі модель шешімдерінің сенімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Практикалық қолдану нәтижелері жүйенің көлік трафигін болжауда, энергия тұтынуын оңтайландыруда, ауа сапасын бақылауда және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде жоғары тиімділігін көрсетті. Бұл нәтижелер ақылды қалаларды дамытуда терең оқыту технологияларының маңызды рөлін растайды. Болашақта бұл зерттеу нәтижелері басқа қалалық домендерде де қолданылуы мүмкін: су ресурстарын басқару, қалдықтарды басқару, қоғамдық денсаулық жүйелері. Сонымен қатар, көп агентті жүйелер және edge computing архитектураларын біріктіру жүйенің масштабталуын және автономиялығын арттыруы мүмкін.

Қолданылған деректер тізімі

1. Jiang H., Wang M., Zhao P., Xiao Z., Dustdar S. A utility-aware general framework with quantifiable privacy preservation for destination prediction in LBSs // *IEEE/ACM Transactions on Networking*. 2021. Vol. 29. No. 5. P. 2228-2241.
2. Zhang Y., Cheng T., Ren Y. A graph deep learning method for short-term traffic forecasting on large road networks // *Computer-Aided Civil and Infrastructure Engineering*. 2019. Vol. 34. No. 10. P. 877-896.
3. Kumar S., Singh S.K., Aggarwal N. A comprehensive survey on edge computing for IoT-based smart cities // *Journal of Network and Computer Applications*. 2020. Vol. 168. Art. 102763.
4. Chen X., Ji J., Luo C., Liao W., Li P. When machine learning meets blockchain: A decentralized, privacy-preserving and secure design // *IEEE Internet of Things Journal*. 2021. Vol. 8. No. 12. P. 9824-9840.
5. Mohammadi M., Al-Fuqaha A., Sorour S., Guizani M. Deep learning for IoT big data and streaming analytics: A survey // *IEEE Communications Surveys & Tutorials*. 2018. Vol. 20. No. 4. P. 2923-2960.
6. Lim C., Kim K.J., Maglio P.P. Smart cities with big data: Reference models, challenges, and considerations // *Cities*. 2018. Vol. 82. P. 86-99.
7. McMahan B., Moore E., Ramage D., Hampson S., Arcas B.A. Communication-efficient learning of deep networks from decentralized data // *Proceedings of the 20th International Conference on Artificial Intelligence and Statistics*. 2017. P. 1273-1282.
8. Ribeiro M.T., Singh S., Guestrin C. Why should I trust you? Explaining the predictions of any classifier // *Proceedings of the 22nd ACM SIGKDD International Conference on Knowledge Discovery and Data Mining*. 2016. P. 1135-1144.

9. Gal Y., Ghahramani Z. Dropout as a Bayesian approximation: Representing model uncertainty in deep learning // Proceedings of the 33rd International Conference on Machine Learning. 2016. P. 1050-1059.
10. Silva B.N., Khan M., Han K. Towards sustainable smart cities: A review of trends, architectures, components, and open challenges in smart cities // Sustainable Cities and Society. 2018. Vol. 38. P. 697-713.
11. Nguyen D.C., Ding M., Pathirana P.N., Seneviratne A., Li J., Poor H.V. Federated learning for internet of things: A comprehensive survey // IEEE Communications Surveys & Tutorials. 2021. Vol. 23. No. 3. P. 1622-1658.
12. Lundberg S.M., Lee S.I. A unified approach to interpreting model predictions // Advances in Neural Information Processing Systems. 2017. Vol. 30. P. 4765-4774.

Система умного города на основе глубокого обучения: управление данными, контекстно-ориентированная поддержка решений и управление доверием

А.К.Жумадиллаева¹, Р.Ш.Садыбеков^{2*}, Г.А.Сапарбекова³

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

²Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави, Туркестан, Казахстан.

³Международный Университет Туризма и Гостеприимства, Туркестан, Казахстан.

*E-mail: ruslan.sadybekov@ayu.edu.kz

Аннотация. В данной статье рассматривается проблема применения технологий глубокого обучения для управления данными, принятия контекстно-зависимых решений и управления доверием в системах умных городов. Цель исследования – выявить и проанализировать оптимизацию процессов обработки больших данных, анализа и принятия решений в режиме реального времени в умных городах. В работе применялись глубокие нейронные сети, рекуррентные архитектуры и методы федеративного обучения, что позволило обеспечить надежность полученных результатов. В ходе исследования были выявлены механизмы повышения эффективности управления данными, построения контекстно-зависимых прогностических моделей и повышения уровня доверия в городской инфраструктуре. Полученные данные демонстрируют практическую значимость автоматизированных систем управления в экосистемах умных городов и могут способствовать развитию городской инфраструктуры и обеспечению общественной безопасности. В статье обоснованы гибридные архитектуры глубокого обучения, интеграция с технологией блокчейн и динамические метрики доверия. Результаты исследования демонстрируют их значимость для развития городской цифровой инфраструктуры.

Ключевые слова: глубокое обучение, умный город, управление данными, контекстно-зависимые решения, управление доверием, федеративное обучение

A Deep Learning–Driven Smart City System for Data Governance, Context-Aware Decisions, and Trust Management

A.K.Zhumadillayeva¹, R.Sh.Sadybekov^{2*}, G.A.Saparbekova³

¹ENU Educational building, Astana, Kazakhstan.

¹Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan.

¹International University of Tourism and Hospitality, Turkistan, Kazakhstan.

*E-mail: ruslan.sadybekov@ayu.edu.kz

Abstract. *This article examines the application of deep learning technologies for data governance, context-aware decision-making, and trust management in smart city systems. The research objective is to identify and analyze optimization of big data processing, analysis, and real-time decision-making processes in smart cities. The study employed deep neural networks, recurrent architectures, and federated learning methods, ensuring reliability of obtained results. During the research, mechanisms for improving data governance efficiency, building context-appropriate predictive models, and enhancing trust levels in urban infrastructure were identified. The obtained data demonstrate practical significance of automated management systems in smart city ecosystems and can contribute to urban infrastructure development and public safety provision. The article substantiates hybrid deep learning architectures, blockchain technology integration, and dynamic trust metrics. Research findings demonstrate their significance for urban digital infrastructure development.*

Keywords: *deep learning, smart city, data governance, context-aware decisions, trust management, federated learning*

FTAMP 20.01.13

Білім алушылардың оқу жетістіктерін объективті бағалаудың ғылыми-әдіснамалық негіздері: жасанды интеллект мүмкіндіктері¹**А.Е. Сұлтанәлі***²**Ғылыми жетекшісі: техн.ғ.канд., қауымд.проф. Г.Н. Казбекова**^{1,2}**Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан*****E-mail: aigerim.sultanali@ayu.edu.kz**

***Аңдатпа.** Қазіргі білім беру жүйесінде білім алушылардың оқу жетістіктерін объективті бағалау өзекті ғылыми және практикалық мәселе болып табылады. Дәстүрлі бағалау әдістері көбінесе субъективтілікке, бағалау нәтижелерінің тұрақсыздығына және білім алушының жеке оқу траекториясын толық ескермеуге алып келеді. Осыған байланысты мақалада оқу жетістіктерін бағалауда жасанды интеллект технологияларын қолданудың ғылыми-әдіснамалық негіздері қарастырылады. Зерттеу барысында машиналық оқыту алгоритмдеріне негізделген бағалау моделі әзірленіп, оның дәстүрлі бағалау жүйесімен салыстырмалы тиімділігі эмпирикалық деректер арқылы талданды. Эксперимент нәтижелері жасанды интеллектке негізделген бағалау жүйесінің бағалау дәлдігін арттырып, нәтижелердің тұрақтылығын қамтамасыз ететінін көрсетті. Сонымен қатар статистикалық талдау жасанды интеллект қолданудың бағалау үдерісіндегі субъективті факторларды айтарлықтай төмендететінін дәлелдеді. Алынған нәтижелер жоғары оқу орындарында заманауи бағалау жүйелерін енгізуге ғылыми негіз бола алады.*

***Түйін сөздер:** оқу жетістіктері, объективті бағалау, жасанды интеллект, машиналық оқыту, білім беру аналитикасы.*

Кіріспе

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау – білім беру сапасын қамтамасыз етудің маңызды құрамдас бөлігі. Бағалау нәтижелері оқу үдерісінің тиімділігін анықтауға, білім алушылардың академиялық деңгейін саралауға және педагогикалық шешімдер қабылдауға негіз болады [1]. Алайда дәстүрлі бағалау әдістері, соның ішінде тестілеу, жазбаша және ауызша бақылау түрлері, көбінесе бағалаушының тәжірибесіне, көзқарасына және субъективті пайымына тәуелді болып келеді.

Ғылыми зерттеулерде дәстүрлі бағалау жүйелерінің кемшіліктері ретінде объективтіліктің төмендігі, бағалау нәтижелерінің тұрақсыздығы және білім алушының жеке оқу траекториясын ескермеу мәселелері жиі аталады [2]. Бұл жағдай білім беру жүйесінде бағалау әдістерін жаңғырту қажеттігін туындатады.

Соңғы жылдары білім беру саласында цифрлық трансформация үдерісі қарқын алып, жасанды интеллект технологиялары кеңінен қолданыла бастады. Жасанды интеллект оқу деректерін талдау, білім алушының оқу белсенділігін бақылау және оқу нәтижелерін болжау мүмкіндіктерімен ерекшеленеді [3]. Халықаралық тәжірибеде жасанды интеллектке негізделген бағалау жүйелері бағалаудың әділдігін арттырудың тиімді құралы ретінде қарастырылады.

Қазақстандық білім беру кеңістігінде бұл мәселе әлі де жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Осыған байланысты аталған мақалада білім алушылардың оқу жетістіктерін объективті бағалауда жасанды интеллект мүмкіндіктерін ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан негіздеу мақсат етіледі.

Әдістеме

Зерттеу жұмысы аралас әдіснамаға негізделіп, сандық және сапалық деректерді қамтыды. Зерттеу дизайны квази-эксперименттік сипатта ұйымдастырылды. Эмпирикалық зерттеу 2024–2025 оқу жылында Қазақстандағы жоғары оқу орындарының бірінде жүргізілді.

Зерттеуге 120 білім алушы қатысты. Қатысушылар кездейсоқ іріктеу әдісі арқылы екі топқа бөлінді: бақылау тобы (60 студент) және эксперименттік топ (60 студент). Бақылау тобында оқу жетістіктері дәстүрлі бағалау жүйесі арқылы бағаланды, ал эксперименттік топта жасанды интеллектке негізделген бағалау жүйесі қолданылды. Жасанды интеллектке негізделген бағалау моделі бірнеше кезеңнен тұрды.

Бірінші кезеңде деректер жинақталды. Оларға студенттердің тест нәтижелері, электронды оқу платформасындағы белсенділігі, тапсырмаларды орындау уақыты, қателер саны және қайта тапсыру көрсеткіштері енгізілді. Бұл деректер Learning Management System (LMS) арқылы алынды.

Екінші кезеңде машиналық оқыту алгоритмдері қолданылды. Зерттеуде Random Forest және Logistic Regression алгоритмдері таңдалды, себебі бұл модельдер білім беру деректерін талдауда жоғары тиімділік көрсететіні ғылыми еңбектерде дәлелденген [4], [5]. Алгоритмдер Python бағдарламалау тілінде іске асырылды.

Үшінші кезеңде бағалау көрсеткіштері анықталды. Негізгі көрсеткіштер ретінде бағалау дәлдігі (accuracy), нәтижелердің тұрақтылығы және бағалау мен нақты академиялық көрсеткіштер арасындағы корреляция алынды. Сонымен қатар, студенттердің бағалау жүйесіне қанағаттану деңгейі сауалнама арқылы өлшенді.

Зерттеудің сенімділігі мен валидтілігін қамтамасыз ету мақсатында бастапқы академиялық көрсеткіштер теңестірілді. Деректер үш рет қайта тексеріліп, статистикалық қателердің ықтималдығы төмендетілді. Алынған нәтижелер SPSS бағдарламасы арқылы өңделді.

Нәтижелер


